

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Институты

Тақырыбы: Массивтер формуласында және, немесе функцияларын қолдану

Орындаған: Баумуратова А. Алдабек Г.

Тобы: 111-15

Қабылдаған: Сәрсенбиева Н.

*Массивтер дегеніміз-бір типті берілгендер жиынтығы және бір атауға біріктірілген айнымалылардың реттелген тізбегі.

МАССИВ



Бір типтес берілгендерден құралып, барлық элементтеріне бір ортақ атау берілген жиынды **бір өлшемді массив** деп атаймыз.



Екі не одан да көп элементтерге ортақ атау берілген жиынды **көпөлшемді массив** деп атаймыз

* Логикалық амалдар 4-ке бөлінеді: 1) Логикалық көбейтінді

ЖӘНЕ жалғаулығының көмегімен қарапайым екі А мен В айтылымдарының бір құрамдасқа бірігуі логикалық көбейту немесе конъюнкция (латынша соіушісііо -біріктіру), ал операцияның нәтижесі — логикалық көбейтінді деп аталады.

ЖӘНЕ операциясы «.» нүктемен белгіленеді (& белгісімен де белгіленуі мүмкін).

A	B	A және B
1	1	1
1	0	0
0	1	0
0	0	0

Логикалық қосу

Біріктіруші мағынада қолданылатын **НЕМЕСЕ** жалғаулығының көмегімен қарапайым А және В айтылымдарының бір құрамдасқа бірігуі логикалық қосу немесе дизъюнкция (латынша *disjunctio* — бөлу), ал операцияның нәтижесі — логикалық қосынды деп аталады. **НЕМЕСЕ** логикалық операциясы белгісімен (кейде + белгісімен белгіленеді). **НЕМЕСЕ** логикалық операцияның ақиқаттық кестесі төмендегідей болады:

A	B	A немесе B
1	1	1
1	0	1
0	1	1
0	0	0